

Н. Назар, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: М. О. Лұқпанов, жедел іздестіру және режим қызметі
кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

ЕСІРТКІ ЗАТТАРДЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛУЫ, ТАСЫМАЛДАНУЫ, САТЫЛУЫ ЖӘНЕ САТЫП АЛУДЫҢ ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ МІНЕЗДЕМЕСІ

Нашақорлық — қоғамдағы ежелден келе жатқан өзекті мәселе.

Есірткі заттарға еліктеу, яғни наркомания, грек тілінен аударғанда «нарке» /ұйқы/ және мания «еліктеу» ессіздік деп аударылады. Медициналық тұрғыдан қарағанда есірткі заттарды пайдалану — көптеген ауруларды емдеу үшін қолданылады. Оларды ең алдымен аурудың жүйкесін және тыныштығын қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Қазіргі таңда бүкіл әлем жұртшылығын алаңдатып отырған есірткі әкелу, тарату ісі, яғни нашақорлық обасы Қазақстанға да үлкен қауіп төндіріп отыр. Оған басты себептердің бірі — Қазақстанның наркотик жасайтын көкнәр мен қарасораның «отаны» болуында. Айталық, дүние жүзі бойынша нашақорлықпен күресушілердің үрейін туғызып отырған Ауғаныстанда көкнәр өсімдігі 50 мың гектарды алып жатса, ал Қазақстанда осы өсімдіктер 1 миллионға жуық гектар алқапқа жайылған.

Табиғат — ананың өзі бейімделген Шу алқабындағы қарасора 130 мың гектар жерді қамтиды. Мамандардың айтуы бойынша жылына Шу алқабынан 5-6 мың тонна марихуана жинап алуға болады.

Соның үстіне соңғы жылдары осы заттардың ауыр түрлері кең таралуы, Қазақстанның контрабандалық есірткілердің Ауғаныстаннан Орта Азия елдерінен Ресейге және Батыс Еуропа мемлекеттеріне тасымалданатын күре жолда орналасуы да қазіргі таңда өзіндік «үлесін» қосуда.

Соңғы он жылдың ішінде республикада есірткі мен психотроптық заттардың теріс пайдалануы әрі оларды заңсыз айналымы жаппай етек алды және ол экономиканың, құқық тәртібінің жай-күйіне, қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға, халықтың денсаулығы мен тектік қорына барған сайын кері әсер етуде. Есірткіні теріс байланысты денсаулық сақтау мекемелерінде бақылауда тұратын адамдардың жалпы саны 1991 жылдан бастап 5,4 есе көбейіп, нашақорлық дертіне шалдығу 19 есе өсті. Кәмелетке толмағандар мен жастардың, сондай-ақ әйелдердің арасында есірткіні тұтынудың етек алуы ерекше алаңдатушылық туғызып отыр. Есірткіні тұтынушылардың 3/2-сі дерлік 30 жасқа дейінгі адамдар, солардың ішінде өкінішке қарай 10-12 жастар арасындағы жасөспірімдер бар. Сонымен қоса кейінгі кезде етек ала бастаған синтетикалық есірткі заттарға қайтадан

құмарлық көрсеткені де байқалып отыр, яғни олардың ішінде «ЛСД», «Экстази», героин және т. б.

Қазіргі кезде республикалық статистика бойынша 46766 мыңнан астам нашақорлар есебінде тұр. Бұл 2010 жылмен салыстырғанда тұтынушылар санының 6,1 пайызға (49795) оның ішінде тәуелділер санының азайуы 7,2 пайыз (32485-тен 30142—ге дейін құрағанын көрсетеді, олардың ішінде: - 17345 -сы 16-29 жастағы адамдар; -1637-әйелдер; - 327-студенттер; - 426-мектеп жасындағы балалар.

Осы жерде айта кететін жәйт, есірткі қылмыстарының ең көп саны Қостанай (421), Қарағанды (396), Шығыс Қазақстанда (330), сондай-ақ Алматы қаласында 491 қылмыстар тіркелген. Қостанай өңіріне көңіл бөлсек онда 1500 жуық наркомандар есепке алынып отыр, яғни оның ішінде 25 пайызы жасөспірімдер. Енді осы қылмыстарды алдын алудағы ПО жұмыстарының статистикасына жүгінсек онда, 1995 жылы — 12 тонна, 1996 жылы — 23 тонна, 2000 — жылы 35 тонна есірткі және 90 келі героин заттар тәлкіленді. Егер осы көрсеткіштерге назар аударатын болсақ, онда жылдан жылға есірткіге деген сұраныстың көбейгені байқалып отыр. Осы заттарға байланысты құқық бұзушылық фактісі келесі жағдайда, яғни 11819 адам әкімшілік құқық кодексі бойынша жауапқа тартылды, 2517 адам қылмыс кодекстің 259-бабы бойынша жауапқа тартылды, 7085 тұлға еріксіз түрде емдеу тағайындалды.

XX ғасырда нашақорлық бүкіл жер жүзіне кең таралып, қауіпті әлеуметтік құбылысқа айналып отыр. Егер ол бұрын есірткі өсетін аймақтармен ғана шектелсе, қазір оны пайдаланбайтын ел жоқ десе де болады. Сондықтан да осы дертпен күрес тек қана бір елдің көлемінде дәрменсіз екені белгілі болып отырғаны көптеген халықаралық ғылыми конференцияларда аталып отыр. Бұған мысал АҚШ-тың соңғы он жыл ішінде осы заттарға қарсы жаппай іс-шараларды жүргізіп отырғанын ескерсек, онда атап айтқанда АҚШ осы орайда федералдық бюджеттен осы дертті ауыздықтау мақсатта 110 миллиард доллар бөлуі осы мәселенің күрделілігін айтып отыр, ал бұл шара нашақорлардың тізімін қысқартуға себепін тигізіп отыр.

Оны заңсыз пайдаланатын адамдардың саны күннен күнге өсіп отырғаны жоғарыда көрсеткіштер өзі айтып отыр. Дегенмен осыдан бес-алты жыл бұрын есірткіге қатысты қылмыстар жалпы қылмыстардың ішінде ерекше бөлінбейтін. Ал бұл қылмыстар қазіргі таңда арнаулы қадағалауға алынып отыр.

Есірткі заттарға еліктеу және оған байланысты қылмыстардың жасалуына бірқатар себептер итеріп отыр, яғни:

- біріншіден, еліміздің ашық шекарасы;
- екіншіден, жағрафиялық жағдайдың қалыптасуы, яғни — Қазақстан Еуропа мен Азияның кіндігінде орналасқаны;
- жоғарыда айтып кеткендей, үшіншіден, еліміздің оңтүстігіндегі Шу алқабы көптеген мәселені көтеріп отырғаны.

Осы аталған қылмыстардың ауырлығы ең алдымен тұлғалардың арасында таратылуы, жүйелі және бақылаусыз қолдануы, ал мұндай белгілер ең алдымен ауруға шалдықтыратыны екені белгілі нәрсе. Қазіргі таңда осы дертке шалдыққан тұлғаларды емдеу медициналық тұрғыдан алғанда өте қиын болып есептеліп тұр.

Нашақорлықтың негізгі белгілеріне тоқталып кетсек:

- есірткі заттарды қайтадан қабылдауға қажеттілігі және соны қабылдауға тартыну;
- нашаны қабылдаған кезде дене мүшелерінің кей мүшелері соның әсерінен тәуелді болуы;
- дененің есірткі заттарды көп мөлшерде қабылдауға бейімделуі.

Нашақорлыққа бейімделу ең алдымен есірткі заттарды қайтадан қабылдаудан басталады, яғни оны қабылдағаннан кейін алған әсерге тағы да құштар болуы. Ал есірткі заттар жоқ болып қалған жағдайда нашақордың бойы тынымсыз ашуланшақ күйде болуы медициналық тұрғыда дәлелденген.

Егер нашақордың бойында тәулік бойы есірткі зат еңбесе онда ол өзінің сана-сезімін жоғалтып әлгі есірткі заттарды табуға жұмсайды. Ал нашақор өзінің әуестігін /құштарлығын/ қанағаттандыру үшін құқық бұзушылыққа дейін барады.

Ал есірткі заттардың қабылдау түрі әртүрлі, яғни препараттарға байланысты.

Опиды нашақорлар шегіп немесе ішке енгізу арқылы қолданады.

Ұйқыға шалдығатын препараттарды нашақорлар ішеді. Осындай заттарды сататын қылмыскерлер көлденең дүние табу үшін есірткі заттарға еліктеп тұлғаларды қарастырып дайындаған есірткі заттарды сатады. Ал мұндай топтардың ұйымдық құрамы құпиялы түрде жұмыс істейді. Әр құрамның мүшелерінің жеке міндеттері бар, яғни осы топтарды басқаратын адамнан бастап делдалдарға дейін.

Есірткі заттардың иістері мұрынды қатты жаратын болғандықтан тасымалдау барысында оларды шиша ыдыстарға не болмаса целлофандарға орайды.

Кейбір жағдайларда есірткі заттар посылка не болмаса хат арқылы жіберіледі. Сату барысында сатушылар есірткі заттарды көп мөлшерде алмайды, тек қана ұсақ түрде таратады, ал қалған мөлшерін әртүрлі мөлшерде тығып сақтайды, себебі кездейсоқ қорқыныштан сақ болу үшін. Есірткі заттарды қылмыскерлер көбіне халықтың шоғырланған жерінде таратуға тырысады.

Сонымен қоса есірткі заттарды /бас бостандығынан/ түзету мекемелерінде де таратылады. Сотталған тұлғалардың туған-туыстары не болмаса осы мекемеде жұмыс істейтін ерікті жұмыс істейтін мамандар, әскери құрамның қызметкерлері пайда табу үшін есірткі заттарды сатады және сотталғандардың сыбайластары түзеу мекемелерінің орналасқан жеріне байланысты оның сырт жағынан есірткі лақтырып сондағы жазасын өтеп жатқан есірткі затты сатушы осы сотталғандардың арасында таратады. Ал сотталғандардың арасында мұндай жағымсыз жағдайлар түзеу мекемесінің алдына қойған міндетін шешуге кедергі жасайды.

Сонымен қорыта келе айтқанда саналы адам сапалы өмір сүре де білуі керек. Ресми деректерге сүйенсек, бүгінгі таңда республика бойынша 55 мыңнан астам нашақор тіркеуде тұрған көрінеді. Олардың 40 мыңы героинді пайдаланады. Ақпараттық агенттіктердің хабарлауынша нашақорлардың 4 мыңнан астамы әйелдер, 5 мыңға жуығы кәмелетке толмағандарды құрайды. Мамандардың айтуы бойынша осы бағыттағы қылмыстармен күрес жүйелі түрде жүргізіліп жатқанымен, әлі де болса толастамай жатқанын көреміз. Еліміз егемендігін алып, ес жиып еңсемізді көтеріп келе жатқанда тамырын тереңге бойлатпай кедергі болатын осы бір ғасыр дертімен күрес әр азаматтың міндеті екендігін айта кеткім келеді. Тәрбие басы — тал бесік демекші ұрпақты улап келген сан ғасырлық індетпен күрес әсіресе жастар арасында, мектеп қабырғаларында кеңінен насихатталып, жүргізілумен қоса оған деген жауапкершіліктегі заң талаптарын күшейту керек болып тұр.